

Меншікке салынатын салықтар: көлік құралдарына салынатын салық

1. Көлік құралдары салығын төлеушілер, объектілері мен жеңілдіктер
2. Көлік құралдары салығының ставкалары
3. Көлік құралдары салығын есептеу және төлеу мерзімі

Меншік құқығында салық салу объектілері бар жеке тұлғалар және меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында салық салу объектілері бар заңды тұлғалар көлік құралдары салығын *төлеушілер* болып табылады.

Көлік құралдарына салынатын салықты төлемейтіндер:

Заңды тұлғалар:

- 1) жалпы меншік құқығында өзінің мүшелеріне тиесілі және өзінің ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, сақтау және өңдеу процесінде тікелей пайдаланылатын, меншік құқығындағы бір жеңіл және бір жүк автомобиль көлігі бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер;
- 2) өзінің ауыл шаруашылығы өнімін өндіруде пайдаланылатын мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникасы бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілерді қоса алғанда, ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер;
- 3) мемлекеттік мекемелер;

Көлік құралдарына салынатын салықты төлемейтіндер:

- 1 автокөлік құралы бойынша жеке тұлғалар:
- 4) Ұлы Отан соғысына қатысушылар, соларға теңестірілетін адамдар, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылда еңбек еткендер;
- 5) меншігінде мотоколяскалары мен автомобильдері бар мүгедектер;
- 6) Кеңес Одағының Батырлары мен Социалистік Еңбек Ерлері, «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтарына ие болған, Даңқ орденінің үш дәрежесімен және «Отан» орденімен наградталған адамдар, «Ардақты ана» атағын алған, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған көп балалы аналар;
- 7) ауыл шаруашылығы құрылымынан шығу нәтижесінде пай ретінде алынған, пайдалану мерзімі жеті жылдан асқан жүк автомобильдері бойынша жеке тұлғалар

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуге жататын және (немесе) есепте тұрған, тіркемелерді қоспағанда, *көлік құралдары салық салу объектілері* болып табылады.

Мыналар:

- 1) жүк көтергіштігі 40 тонна және одан асатын карьерлік автосамосвалдар;
- 2) мамандандырылған медициналық көлік құралдары
- 3) Қазақстан Республикасының халықаралық кемелер реестрінде тіркелген теңіз кемелері *салық салу объектілері болып табылмайды.*

Рет №	Салық салу объектісі	Салық ставкасы (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Двигателінің көлемі мынадай жеңіл автомобильдер (текше см.):	
	1100-ге дейін қоса алғанда	1
	1100-ден жоғары 1500-ді қоса алғанда	2
	1500-ден жоғары 2000-ды қоса алғанда	3
	2000-нан жоғары 2500-ді қоса алғанда	6
	2500-ден жоғары 3000-ды қоса алғанда	9
	3000-нан жоғары 4000-ды қоса алғанда	15
	4000-нан жоғары	117

Рет №	Салық салу объектісі	Салық ставкасы (айлық есептік көрсеткіш)
2.	Жүк көтергіштігі мынадай жүк, арнайы автомобильдер (тіркемелерді есептегенде):	
	1 тоннаға дейін қоса алғанда	3
	1 тоннадан жоғары 1,5 тоннаны қоса алғанда	5
	1,5 тоннадан жоғары 5 тоннаны қоса алғанда	7
	5 тоннадан жоғары	9

Рет №	Салық салу объектісі	Салық ставкасы (айлық есептік көрсеткіш)
3.	Тракторлар, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдері, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналар және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында жүруге арналмаған басқа да автокөлік құралдары	3

Рет №	Салық салу объектісі	Салық ставкасы (айлық есептік көрсеткіш)
4.	Автобустар:	
	отыратын 12 орынға дейін қоса алғанда	9
	отыратын 12-ден жоғары 25 орынды қоса алғанда	14
	отыратын 25 орыннан жоғары	20

Рет №	Салық салу объектісі	Салық ставкасы (айлық есептік көрсеткіш)
5.	Мотоциклдер, мотороллерлер, мотошаналар, шағын кемелер, двигателінің қуаты:	
	55 кВт-ға дейін қоса алғанда	1
	55 кВт-дан асатын	10

Рет №	Салық салу объектісі	Салық ставкасы (айлық есептік көрсеткіш)
6.	Катерлер, кемелер, буксирлер, баржалар, яхталар (двигателінің қуаты мынадай ат күшіне тең):	
	160-қа дейін қоса алғанда	6
	160-тан жоғары 500-ді қоса алғанда	18
	500-ден жоғары 1000-ды қоса алғанда	32
	1000-нан жоғары	55

Рет №	Салық салу объектісі	Салық ставкасы (айлық есептік көрсеткіш)
7.	Ұшу аппараттары	әрбір киловатт қуаттан аялық есептік көрсеткіштің 4 пайызы

Рет №	Салық салу объектісі	Салық ставкасы (айлық есептік көрсеткіш)
8.	<p>Мыналарды:</p> <p>магистральды жолдар бойымен поездардың кез келген санатын жүргізу үшін;</p> <p>магистральды, станциялық және тар және (немесе) кең табанды кірме жолдарда маневр жұмыстарын жүргізу үшін;</p> <p>өнеркәсіптік теміржол көлігі жолдарында және магистральды және станциялық жолдарға шықпайтын жолдарда пайдаланылатын теміржолдың тартқыш қозғалмалы құрамы;</p>	<p>көлік құралының жалпы қуатының әрбір киловатынан айлық есептік көрсеткіштің 1 пайызы</p>
	<p>Тар және кең табанды магистральды және станциялық жолдармен жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру үшін пайдаланылатын мотор-вагонды қозғалмалы құрам</p>	<p>көлік құралының жалпы қуатының әрбір киловатынан айлық есептік көрсеткіштің 1 пайызы</p>

Двигателінің көлемі 3000 текше см-дан жоғары, 2013 жылдың 31 желтоқсаннан кейін ҚР-да шығарылған немесе әкелінген жеңіл көлік құралдарына айлық есептік көрсеткіштермен белгіленген мынадай *ставкалар* бойынша жүргізіледі:

Салық салу объектісі	Салық ставкасы (айлық есептік көрсеткіш)
Двигателінің көлемі мынадай жеңіл автомобильдер (текше см.):	
3000-нан жоғары 3200-ді қоса алғанда	35
3200-ден жоғары 3500-ді қоса алғанда	46
3500-ден жоғары 4000-ді қоса алғанда	66
4000-нан жоғары 5000-ді қоса алғанда	130
5000-нан жоғары	200

Жеңіл автомобильдердің үш айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын двигателінің көлемі 1500-ден жоғары 2000 текше сантиметрді қоса алғандағы, алты айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын 2000-нан жоғары 2500 текше сантиметрді қоса алғандағы, тоғыз айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын 2500-ден жоғары 3000 текше сантиметрді қоса алғандағы, он бес айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын 3000-нан жоғары 4000 текше сантиметрді қоса алғандағы, жүз он жеті айлық есептік көрсеткіш ставкасы бойынша салық салынатын 4000 текше сантиметрден жоғары көлемде болған кезде салық сомасы двигатель көлемінің тиісті төменгі шегінен асып түскен әрбір бірлік үшін 7 теңгеге ұлғайтылады.